

PowerPoint бағдарламасымен жұмыс жасау

I) PowerPoint программасының мүмкіндіктерімен танысу

II) PowerPoint программасымен қалай жұмыс атқарамыз?

III) Слайдтар жасау. Презентациялар құру.

I) PowerPoint программасының мүмкіндіктерімен танысу

PowerPoint дегеніміз не?

PowerPoint-тың негізгі міндеті - ақпаратты қабылдаудың және есте сақтаудың тиімділігін арттыру мақсатымен көрмелерді жоспарлау, жасау және өңдеу.

Көрме – бұл диафильмдердегі сияқты, бірақ қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды (компьютер, проектор, өзіне сәйкес бағдарламалық жасақтама және т.б.) пайдалана отырып әзірліген слайдтардан тұратын қысқа ғана әңгіме.

Слайдтар қызықты суреттермен, сызбалармен және эффектілермен безендірілген жобаның мазмұндық бөлігін қамтиды.

II) PowerPoint программасымен қалай жұмыс атқарамыз?

1. Программаны іске қосу.
2. Слайдты безендіру
3. Слайдтарды қосу
4. Слайдтарды ауыстыру
5. Слайдты немесе барлық презентацияны көру
6. Графктік бейнелерді слайдқа енгізу
7. Музыка, дыбыс, бейнеклиптерді енгізу
8. Презентацияны сақтау

III) Слайдтар жасау. Презентациялар құру.

1) Power Point программасын іске қосу үшін мына мәзірлерді басу керек:

1. «Пуск» батырмасын шертіңіз
2. Контекстік менюден «Программы» таңдаңыз
3. «Программы» менюінен «Microsoft PowerPoint» таңдаңыз.
4. Мауыстың сол жақ батырмасын шертіңіз.
5. Программаның беті іске қосылады.

2) Слайдтарды безендіру.

PowerPoint программасында **17 түрлі** безендіру әдісі бар. Слайдтарды безендіру үшін арнайы қалыптарды (**шаблон**) пайдалануға болады.

Безендіруді пайдалану үшін, саймандар үстелінде орналасқан немесе контекстік менюдегі **«Оформление слайда»** батырмасын шертіңіз

«ПШШМ» (Формат) және **«СЛАЙДТАРДЫ БЕЗЕНДІРУ» (Оформление слайда)**.

Безендіруді қалай қолданамыз?

- Басты менюдегі **«Формат»** батырмасын шерт
- **«Применить оформление»** командасын тағайындаңыз
- **«Дизайны презентаций»** ішінен керектісін таңдаңыз
- Терезенің оң жақ шетіндегі үлгіге қарап таңда
- **«Применить»** батырмасын шертіңіз

3) Слайдтарды қосу.

Слайдтар қосу үшін Менюдегі **«Вставка» «Создать слайд»**, батырмасын бассаңыз жеткілікті
Керекті слайдты өз қалауыңызша безендіруіңізге болады.

4) Слайдтарды ауыстыру.

- Менюдегі «Показ слайдов» «Переход слайда» таңдаңыз
- Керекті эффектiлердi таңдап слайдтарға ауысуды танда
- «Продвижение» деген жерге жалауша орнатыңыз

5) Слайдты немесе барлық презентацияларды көру.

- Менюдегі «Показ слайдов» «Показ», батырмасын таңдасаңыз бұл бірінші слайдтан бастап көрсете бастайды.

6) Графиктік бейнелерді слайдқа енгізу

Графиктік бейнелер **Word** текстiк редактордегiдей орнатылады:

1. Менюдегі «Вставка» және «Рисунок».
2. Әрi қарай керектi бөлiмдi көрсетесiз графиктiк бейненi қайдан алатыныңызды «Картинки»-дан ба, жоқ «Из файла» ма соны көрсетесiз.

7) Музыка, дыбыс, бейнеклиптерді енгізу.

--- Слайдтарға музыкалық, дыбыстық эффектiлердi және бейнеклиптердi қолдану мүмкiндiгi бар.

Презентацияға бейнеклип енгізу үшін менюдегі «Вставка», «Фильм и звук», «фильм из файла» батырмасын шертіңіз. Ашылған сұқбат терезеден «Фильм» керекті файлды таңдап, шертіңіз. Керекті бейнеклипты дұрыс таңдағаныңызды тексеру үшін «Воспроизвести» батырмасын шертіңіз. Егер бәрі дұрыс болса «Вставить» батырмасын шертіңіз.

Презентацияға дыбыстарды енгізу үшін слайдқа дыбысты енгізу үшін менюдегі «Вставка», «Фильм и звук», «Звук из файла» батырмасын шертіңіз. Ашылған сұқбат терезеден «Звук» керекті файлды таңдап, шертіңіз. Керекті дыбысты дұрыс таңдағаныңызды тексеру үшін «Воспроизвести» батырмасын шертіңіз. Егер бәрі дұрыс болса «Вставить» батырмасын шертіңіз.

8) Презентацияны сақтау.

*Презентацияны құрастырып біттіңіз, енді оны сақтау керек . Ол үшін: Басты менюдегі «**Файл**» «**Сохранить как**» және «**Имя файла**» деген жерге презентацияның атын жазыңыз, ал «**Папка**» жолына **Файл** тізімінен PowerPoint көрсету жолағын таңдап аламыз.*

--- Одан кейін Сіздің қалтаңызда Көрме атаулы екі файл пайда болады. Осылайша сізде дайын көрме слайд пайда болады.